

ПРОЕКТ МЕЖДУНАРОДНОГО ТУРИСТИЧЕСКОГО ПОЕЗДА «СИАНЬ – АЛМАТЫ» НАПРАВЛЕН НА РАЗВИТИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ, РАСШИРЕНИЕ КУЛЬТУРНОГО ДИАЛОГА И ПРОДВИЖЕНИЕ ТУРИЗМА МЕЖДУ НАШИМИ СТРАНАМИ. МЫ УВЕРЕНЫ, ЧТО ОН ПОСЛУЖИТ ОСНОВОЙ ДЛЯ НОВЫХ СОВМЕСТНЫХ ИНИЦИАТИВ. В ЦЕЛЯХ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОГО ПРОХОЖДЕНИЯ СОСТАВА ПО ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА ПРОВЕДЕНА ВСЕСТОРОННЯЯ ПОДГОТОВКА. ДЛЯ УДОБСТВА ДВИЖЕНИЯ РАЗРАБОТАН СПЕЦИАЛЬНЫЙ ГРАФИК, УЧИТЫВАЮЩИЙ ОСОБЕННОСТИ МАРШРУТА И СТЫКОВКУ С МЕЖДУНАРОДНЫМ СООБЩЕНИЕМ.

Ануар АХМЕТЖАНОВ,
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ»



№42 (3081)
03/06/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ЗАДАН ВЕКТОР ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

В офисе АО «НК «Қазақстан темір жолы» состоялась встреча руководства компании с делегацией из Султаната Оман. Стороны обсудили вопросы расширения сотрудничества в сфере железнодорожных перевозок и логистики.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

В ходе встречи было отмечено, что за последние 10 лет контейнерный транзит через территорию Казахстана увеличился в пять раз. Особое внимание уделено международному транспортному коридору Север – Юг, который получил новый импульс в развитии

и становится ключевым маршрутом для транспортировки грузов в Индию, Пакистан и страны Ближнего Востока. Коридор обеспечивает логистический выбор между тремя направлениями маршрута.

ҚТЖ также активно развивает Трансафганский международный транспортный коридор, который обеспечивает кратчайший выход из Центральной Азии к портам Аравийского моря.

Этот маршрут открывает новые перспективы для транзита грузов в страны Персидского залива, включая Оман. По итогам встречи стороны отметили высокий потенциал укрепления транспортно-логистического партнерства, что позволит ускорить доставку грузов между регионами и повысить эффективность логистических решений.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ВСТРЕЧА С ÖBB-HOLDING AG



Руководство АО «НК «Қазақстан темір жолы» провело рабочую встречу с председателем правления ÖBB-Holding AG (Австрийские федеральные железные дороги) Андреасом Матта.



Во время деловой встречи господин Матта ознакомлен с деятельностью и достижениями ҚТЖ, проводимой цифровизацией на железной дороге Казахстана, а также с развитием Транскаспийского международного транспортного маршрута и его перспективами.

Отмечено, на сегодня ТМТМ, обладая огромным потенциалом роста, становится важнейшей торговой артерией между Азией и Европой и предлагает более быструю и надежную альтернативу доставки грузов, подкреплённую инвестициями в инфраструктуру.

Для предоставления клиентам полного спектра логистических услуг и комплексных решений «от двери до двери» ҚТЖ расширяет терминальную инфраструктуру как внутри страны, так и за ее пределами.

По итогам встречи стороны выразили готовность в развитии сотрудничества по реализации совместных логистических проектов, что также окажет влияние на закрепление за Казахстаном статуса ведущего транзитного узла региона.

Жаныбек КЕНЕС,
Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖАҢА ДЕПО ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Шу қаласында жаңа локомотив пайдалану депосы іске қосылды. Депо құрылысын Францияның жетекші компанияларының бірі – Alstom екі жылдың ішінде сәтті аяқтап шықты.



Жобаға тартылған инвестицияның көлемі 4 миллиард теңгеден асады. Жаңа депо «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ пайдаланатын КЗ4 және КЗ8 электроваздарына техникалық қызмет көрсетуге арналған.

Кәсіпорын халықаралық стандарттарға сай, өнеркәсіп және экологиялық қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтай отырып, қызмет көрсетеді. Мамандардың айтуынша, заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған депо ай сайын 120-ға жуық электровазға жөндеу жүргізе алады. Ал жылдық қуаты 1 500-ге жуық электровазды құрайды.

Жаңа депоның іске қосылуына байланысты өткен салтанатты шараға Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев, Қазақстанның Франциядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Гүлсара Арыстанқұлова, ҚР Көлік министрлігі мен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ өкілдері және жоба жетекшілері қатысты.

Қазақстанның Франциядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Гүлсара Арыстанқұлова екі ел арасындағы берік стратегиялық әріптестік аясында бірлескен жобалардың сәтті жүзеге асып жатқанын атап өтті. Alstom компаниясының Батыс және Орта Азиядағы басқарушы директоры Жером Бойе Қазақстан тарапынан көрсетілген сенім мен екіжақты ынтымақтастық үшін алғысын білдірді.

Ардақ УСЕЙІНОВА, Жамбыл

Кездесу

ОРТАҚ МҮДДЕЛЕСТІК ШЕҢБЕРІНДЕ

29-30 мамыр күндері елордада Астана халықаралық форумы (AIF) өтті. Оның аясында Қазақстан Республикасының Көлік министрі Марат Қарабаев әлем елдерінің бірқатар көлік басшыларымен, алпауыт компаниялар топ-менеджерлерімен кездесті.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Соның ішінде ведомство басшысы мен CMA CGM компаниялар тобының вице-президенті Людовик Рену арасындағы кездесуді ерекше атап өтуге болады. Кездесудің негізгі тақырыбы – Транскаспий халықаралық көлік бағдары (ТХКБ) арқылы жүк тасымалдау көлемін арттыру және көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелерін талқылау болды. Министр өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда Орта дәліз бойынша тасымалдау көлемі 10%-ға, ал контейнерлік тасымалдау 3 есеге артқанын, сондай-ақ Қытайдан келетін контейнерлік транзит 4 еседен астам өскенін атап өтті. Рену

мырза CMA CGM Қазақстандағы, Өзбекстандағы, Тәжікстандағы, Қырғызстандағы, Түркіменстандағы және Әзірбайжандағы аймақтық кеңселері арқылы Орталық Азиядағы қызметін белсенді түрде дамытып жатқанын айтты. Бұл филиалдар логистикалық операцияларды басқаруда және аймақтағы тұтынушыларға жоғары сапалы көлік қызметтерін көрсетуде маңызды рөл атқарады.

Тараптар Орта дәлізді, контейнерлік тасымалдауды, Қазақстанның теңіз флотын бірлесіп дамыту бойынша ынтымақтастыққа келісті.

Сонымен қатар халықаралық іс-шара шеңберінде Марат Қарабаев Австрияның Федералдық темір жолдары (ÖBB) басқарма төрағасы Андреас Маттәмен кездесті.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан мен Австрия арасындағы теміржол тасымалы мен логистика саласындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады. Әсіресе тәжірибе алмасу, инновациялық технологияларды енгізу және ұлттық операторлар арасындағы әріптестікті кеңейтуге баса назар аударылды. Транскаспий халықаралық көлік бағдарының (ТХКБ) стратегиялық рөлі атап өтілді. Тараптар «Орталық Азия – Еуропа» бағыты бойынша инфрақұрылымды дамыту мен логистикалық тораптарға инвестициялар тарту, соның ішінде теміржол желілерін жаңғырту, мультимодальды терминалдар салу және жеке инвестицияларды тартуға қолайлы жағдай жасау мәселелерін пысықтаудың маңы-

зын атап өтті. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар нақты жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға дайын екендерін білдірді.

Көлік министрінің келесі бір кездескен мәртебелі мейманы – Конго Президентінің стратегиялық мәселелер және халықаралық келіссөздер жөніндегі арнайы өкілі, министр Франсуаза Жолі болды. Тараптар көлік және логистика саласындағы ынтымақтастықты, соның ішінде жүктерді Транскаспий халықаралық көлік бағдары мен «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізі арқылы тасымалдау мүмкіндігін талқылады. Сондай-ақ Конго нарығын жан-жақты зерттеу, көлік инфрақұрылымымен танысу және Пуэнт-Нуар портына бару мүмкіндігін қарастыру мақсатында қазақстандық делегацияның жұмыс сапарын ұйымдастыру талқыланды. Келіссөздердің нәтижесінде Қазақстан Республикасы мен Конго Республикасы арасында көлік-логистика саласындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды.

ҚТЖ: ЮБИЛЕЙНАЯ ОТПРАВКА ИЗ СИАНЯ

Благодаря совместной работе АО «НК «ҚТЖ», китайских железных дорог и при поддержке группы компаний Сианьского порта (КНР) состоялась торжественная отправка юбилейного 100-тысячного ДФЭ в составе контейнерного поезда, следующего в рамках ТМТМ.

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана

Отмечено, с момента ввода в эксплуатацию в феврале 2024 года казахстанско-китайский терминал в городе Сиане обработал более 200 тысяч тонн грузов. Благодаря созданию совместного предприятия (СП) время перевалки грузов сократилось до трех часов, и терминал стал ключевым узлом для быстрой организации и распределения грузов, следующих из Китая транзитом через Казахстан. СП уже обеспечило обработку значительных объемов навалочных грузов, включая их контейнеризацию и доставку. Ожидается, что к 2025 году объем транзитных грузов вырастет на 50-60% в годовом исчислении.

Во время церемонии отправки подчеркнуто, что планируется дальнейшее увеличение пропускной способности терминала, уделяется особое внимание наращиванию перевозок по Транскаспийскому международному транспортному маршруту (ТМТМ). Основная цель – организовать около 600 поездов в год по этому направлению, что станет новым историческим рекордом.

– Сегодняшнее событие – свидетельство сплоченного труда. Благодаря совместной работе

ҚТЖ, КЖД и при поддержке группы компаний Сианьского порта (КНР) мы отправляем юбилейный 100-тысячный ДФЭ в составе контейнерного поезда, следующего в рамках ТМТМ, – отметил генеральный директор ООО «Китайско-казахстанская торгово-логистическая компания» (Сиань) Мухамеджан Сейтжанов. Казахстанско-китайский терминал в Сиане является ключевой платформой для торгово-экономического взаимодействия между Казахстаном и внутренними регионами Китая, такими как провинция Шэньси. Согласно плану развития, совместно с таможенными и другими ведомствами провинции будут созданы новые таможенные склады, которые позволят расширить товарооборот.

– Это 100-тысячный контейнер (ДФЭ) Китайско-Европейского контейнерного поезда по маршруту ТМТМ, организованный совместно с ҚТЖ. Благодаря нашим совместным усилиям мы уверены, что транскаспийский маршрут будет работать все быстрее, а качество сервиса неуклонно повышаться. Мы надеемся в ближайшее время достичь показателей в 200, 300 тысяч ДФЭ и даже больше. Всем спасибо за сотрудничество, – подчеркнул генеральный директором Xi'an Free Trade Port Construction and



Operation Co., Ltd Юань Сяоцзюнь во время церемонии отправки.

По словам самих грузоотправителей, раньше сделки часто заключались на приграничных переходах, но теперь грузы можно поставлять напрямую в Сиань – географический центр Китая, где сосредоточены крупные оптовые покупатели и торговые компании. Благодаря терминалу модель поставок меняется: вместо приграничных точек товары доставляются в Сиань, что увеличивает объем и качество торгово-логистического сотрудничества между Казахстаном и Китаем.

– Для меня большая честь участвовать в церемонии, посвященной отправке 100-тысячного контейнера в составе данного поезда. Этот поезд был сформирован с грузами, организованными нашей логистической компанией «Транскрипичная логистическая компания «Янлин Гохэ» (Yangling Guohua Cross Border Logistics Co., Ltd.). В данной партии в основном представлены электро-

ника, мебель, товары народного потребления и другие. Как государственное предприятие, подведомственное демонстрационной зоне Янлин, мы обязаны и считаем своим долгом способствовать дальнейшему развитию грузовой базы для Китайско-Европейских поездов «Чаньаньхао» (Chang'an Hao). Также, как государственная компания провинции Шэньси, мы несем ответственность за вклад в развитие внешних связей региона, – сказала грузоотправитель, представляющий компанию «Янлинская компания международного сотрудничества в области современного сельского хозяйства» (Yangling Modern Agriculture International Cooperation Co., Ltd.) Бао Сыюй.

Терминал, построенный совместно Сианьским международным портом и АО «НК «ҚТЖ», выполняет не только функции хранения и складирования, но и служит мостом для культурного обмена и торгового сотрудничества между двумя странами.

Фото Нұрсұлтан ИБРАЕВА

ӨРТКЕ ҚАРСЫ ТАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУ БАРЫСЫНДА ӘРІПТЕСТЕРІМНІҢ ШАПШАҢ ОЙЛАП, ДҰРЫС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУЫ, ҮЙЛЕСІМДІ ҚИМЫЛДАУЫ, ӨРТТІ ДЕР КЕЗІНДЕ ОҚШАУЛАП, СӨНДІРЕ АЛУЫ – ОСЫНДАЙ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ПАЙДАЛЫ ЕКЕНІН КӨРСЕТЕДІ. ТЕОРИЯНЫ ТӘЖІРИБЕМЕН ҰШТАСТЫРУ – МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН АРТТЫРАДЫ. КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚ – ТІЛСІЗ ЖАУДЫ ҚҰРЫҚТАУДЫҢ КЕПІЛІ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ОКОЛО
300 тысяч

ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ МЕСТ БУДЕТ СОЗДАНО В ПОЕЗДАХ В ЛЕТНИЙ ПЕРИОД БЛАГОДАРЯ ЗАПУСКУ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ МАРШРУТОВ.

НА
58,1%

ВЫРОС ОБЪЕМ ЭКСПОРТА ЗЕРНА НОВОГО УРОЖАЯ ПО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ В КАЗАХСТАНЕ.

548

КОМПЛЕКТОВ СИСТЕМЫ КОНТРОЛЯ БОДРСТВОВАНИЯ МАШИНИСТОВ УСТАНОВЛЕНО В ЛОКОМОТИВАХ НАЦИОНАЛЬНОГО ПЕРЕВОЗЧИКА.

ДАЛА ӨРТІНЕ ДАЯРЛЫҚ ЖОҒАРЫ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Семей ЖТ бөлімшесі аумағында жоғары деңгейдегі дала өртінің қауіпті кезеңі басталды. Қоңыр күзге дейін созылатын бұл уақыт теміржолшылар қауымын сақтық танытуға, кез келген тосын жайтқа әзір болуға мәжбүрлейді.



Бөлімшеге қарасты мемлекеттік емес өрт сөндіру қызметінің басшысы Мұрат Мұқажановтың айтуынша, жергілікті өрт сөндіру пойыздары кез келген тосын жайтқа дайын. Соңғы даярлық жұмыстары биылғы көктемгі комиссиялық бақылау кезінде тағы бір мәрте толыққанды пысықталып, өрт сөндіру іс-қимылдарына әзір екендігін көрсетіп берді. Осы орайда теміржол арқылы өртті сөндіру үшін қажетті инженерлік техникаларды тасымалдау мүмкіндігі де қайта қарастырылды. Жалпы, жыл басталған бес айдың ішінде өрт сөндіру пойызы бірнеше мәрте бөлімше көлеміндегі қызыл жалын орын алған жерлерге барып, тілсіз жауды ауыздықтауға атсалысты.

Мәселен, наурыз айында Семей станциясының өрт сөндіру пойызы жалпы аумағы 1 600 шаршы метр болатын, дәл станцияның іргесіндегі астық қоймасындағы ірі өртті сөндіруге 200 тонна су жеткізді. Сол тәрізді өткен 5 мамыр күні қала іргесіндегі қоймада орын алған, жалпы аумағы 500 шаршы метр болатын қызыл жалын да өрт сөндіру пойызының көмегімен сөндірілді.

Жалпы, осыған дейін өткізілген іс-шаралардың барлығы төтенше жағдай уақытында жедел қимылдаудың алгоритмін пысықтауға мүмкіндік берген. Алдыңғы және өткен жылғы орман өрттері кезінде де Семей станциясындағы өрт сөндіру пойызының көмегі зор болған еді. Мәселен, қаладан жүздеген шақырым қашықтықтағы, автокөлік кіре алмайтын қалың орман ішіне теміржолшылар жедел аралықта 100 тоннадан астам су мен 5 тоннадан да көп көбік жеткізе алатыны осыған дейін дәлелденген болатын. Сонымен қатар жағдай ушығатындай болса, қосымша Аягөз және Өскемен-1 станцияларынан да тағы екі өрт сөндіру пойызы жедел түрде көмекке келе алады.

Десек те, биылғы құрғақшылық теміржолшыларды да алаңдатып отырған жайы бар. Мәселен, жыл басынан бері облыс аумағында 1 орман өрті, 1 дала өрті және 66 құрғақ шөптің жану фактісі тіркелген. Осының өзі жазғы маусымда мейлінше сақ болуды, қамсыз қалмауды міндеттейді.

Өрт оқиғаларының ішіндегі ең қауіптісі – әлбетте орман өрті. Семей ЖТ бөлімшесінің 119 шақырымды құрайтын Семей – Локоть телімі, яғни «Солтүстік тармақ» осы қалың орман ішімен өтеді. Бұл орайда теміржолшылар қауымы өңірде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құрылған 170 адамнан тұратын 38 мобильдік топпен, сондай-ақ «Семей орманы» резерватымен тығыз ымыраластықта жұмыс жүргізбек. Сонымен қатар өрт ошақтарын ерте анықтап, жедел қимылдау мақсатында «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰҚ» АҚ-мен өзара іс-қимыл шеңберінде термиялық нүктелердің космомониторинг де қамтамасыз етілуде. Бұл бағыттағы іс-шаралар ел үкіметінің де назарында тұр.

Суретті түсірген автор

ТУРИСТІК ПОЙЫЗ – АЛМАТЫДА

Алматы-2 теміржол вокзалына Қытайдан шыққан «Сиань-Алматы» бағытындағы алғашқы халықаралық туристік пойызы келіп жетті. Қытайдан келген туристерді перронда домбыраның сазымен салтанатты жағдайда қарсы алды.

Нұрбек БЕКЕН,
Астана

Іс-шараға қос елдің мемлекеттік және көлік саласының өкілдері, Алматы мен Сиань қаласының жауапты шенеуніктері қатысты. – Ұлттық тасымалдаушы «Сиань-Алматы» бағдарындағы халықаралық туристік пойыздың жолаушыларын қарсы алуға қуанышты. Пойыздың Қазақстан аумағымен қауіпсіз және үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында жан-жақты дайындық жұмыстары жүргізілді. Халықаралық бағдардың ерекшеліктерін ескере отырып, пойыз қозғалысына арналған арнайы кесте әзірленді, – деді «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Әнуар Ахметжанов. Тоғыз вагоннан тұратын пойыздағы туристік делегация құрамында 246 адам бар. Олардың қатарында кәсіпкерлер, ғалымдар, мәдениет пен спорт саласының



танымал өкілдері бар. Қытайлық қонақтар бес күн бойы еліміздің оңтүстік астанасының тарихи-мәдени ерекшеліктерімен танысып, түрлі шараларға қатысады. Бағдарлама аясында келесі іс-шаралар жоспарланған: 1 маусым күні Сиань – Алматы мәдени туризм апталығы ресми ашылып, 2 маусымда Республика сарайы алдындағы алаңда ауқымды мәдени-гуманитарлық фестиваль өтпек. 3

маусым – Алматы қаласының мұражайлары мен көрнекті орындарына экскурсиялар, ал 4 маусым – жастар мен спортшыларға арналған іс-шаралар, соның ішінде достық матчтар мен әйел кәсіпкерлерімен кездесулер ұйымдастырылмақ. Ал 5-6 маусым – пойыз кері бағытта жолға шығып, 7 маусымда пойыздың Сиань қаласына оралуы күтілуде.

Аталған жоба Қазақстан мен

Қытай арасындағы мәдени қарым-қатынасты тереңдетіп, туризм саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған маңызды бастама ретінде бағаланып отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып отырған бастама – теміржол туризмін дамыту және Қазақстанның халықаралық туристік мәртебесін арттыруға бағытталған басым жобалардың бірі. Пойыз Үрімжі қаласы арқылы өтіп, Қорғас халықаралық шекарасына тоқтаған. Мұнда пойыздың дөңгелек жұптары ауыстырылып, одан әрі пойыз Алтынкөл станциясы арқылы Алматы қаласына келіп жетті. Туристік пойыз жобасы «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ бастамасымен жүзеге асырылып, оған Шэньси провинциясы үкіметі, Сиань қаласының және Алматы қаласының әкімдіктері, ҚР Туризм және спорт министрлігі мен ҚР Сыртқы істер министрлігі қолдау көрсетті.

ТАСЫМАЛ ТҮЙТКІЛДЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Өткен аптада «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалының жауапты тұлғалары «Кыргыз теміржолу» УК Жүк тасымалы өкілдерімен кездесіп, тасымал саласындағы ортақ түйткілдерді талқыға салды.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Жамбылдық делегация құрамын филиал директоры Айдан Сейтбеңбетов бастап барды. Жалпы Қазақстан темір жолы, оның ішінде Жамбыл бөлімшесіне қарасты аумақ Түркісіб станциясында аяқталады. Ал Мөңке, Меркі, Шалдавар станциялары географиялық-әкімшілік орналасуы жағынан қазақ жерінде болғанымен, шойын жол «Кыргыз теміржолуның» басқаруында. Қос тараптың түйісетін жері – Түркісіб. Қырғыз еліне келетін – импорттық, сыртқа тасымалданатын – экспорттық тауарлар осы станциялар арқылы өтеді. Сондықтан туындайтын ортақ мәселелер аз емес. Кездесуде екі елдің сала басшылары тасымал барысында кездесетін түйткілдерге қатысты мәселелерді ортаға салып, ортақ шешімін іздеді. Жамбыл ЖТ директорының логистика жөніндегі орынбасары Тұрсын Раймов, автоматты басқару жүйелері бойынша орынбасары



Асылхан Тайлақбаев, филиалдың тасымалдауды ұйымдастыру және шарттары бөлімінің бастығы Болатбек Абдуов, бөлімшенің коммерциялық ревизоры Медет Ұшақбаев, сондай-ақ Алматы магистральдық желі бөлімшесінің Оңтүстік-Шығыс пойыздар қозғалысы басқармасының тасымалдау процесі жөніндегі бөлімінің бастығы Нұрлан Байзақов, Тасымалдау процесі бөлімі бастығының үйлестіру және талдау жөніндегі орынбасары Эльдар Қапсалаев, филиалдың Оңтүстік-Шығыс пойыздар қозғалысы басқармасының Жамбыл бөлімшесі бойынша аға пойыз диспетчері Ербол Искендір, тағы басқа азаматтар қатысып,

өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Қырғыз елі тарапынан «Кыргыз теміржолу» УК Жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Меркебек Тентемишев, теміржол объектілерін және тасымалданатын жүктерді ескерілендірілген күзетуді қамтамасыз ету жөніндегі филиал бастығы Ақбарали Ақматов, Локомотив пайдалану шаруашылығы бастығының орынбасары Чингиз Кадралиев, вагон шаруашылығы жөніндегі филиал бастығының орынбасары Тұрдубек Джаркынбаев, жүк тасымалы бөлімінің бастығы Назира Курманалиева, орынбасары Алтынай Саламатова, қозғалыс бөлімінің аға пойыз диспетчері Нұрлан Курманалиев, жүк тасымалы бөлімінің

коммерциялық ревизоры Абай Сапарбекулы және тағы басқа жауапты мамандар пікір білдірді. Жүк тасымалы кезінде туындайтын түйткіл мәселелер жиында арнайы шақырылған Жамбыл облысы бойынша Экономикалық тергеу-тексеру департаменті басшысының орынбасары, подполковник Самат Қойбақов, Жамбыл облысы бойынша ҰҚҚ Шекара қызметі департаментінің басшысы, полковник Ержан Ертуғанов, Шекара қызметі департаментінің Меркі ауданы бойынша бөлім бастығы, подполковник Айдар Бакаев, Меркі теміржол шекаралық бақылау бөлімінің бастығы, майор Санат Спандиярова қойылып, оларды шешу жолдары сараланды. Мамандар қырғыздық әріптестерге заң талаптарына енгізілген өзгерістер туралы түсіндірді. Тараптар жүк тасымалы кезінде ресімделетін ақпараттық құжаттар мәселелеріне қатысты жайттарды, туындайтын проблемаларды белгіленген заң шеңберінде ынтымақтаса отырып шешуге келісті.

Суретті түсірген автор

КӨКТЕМГІ СЫН НЕНІ КӨРСЕТТІ?

Атырауда көктемгі байқауды қорытындылау жиыны өтті. Оған барлық құрылымдық бөлімшелер басшылары мен жауапты мамандар қатысып, өз салалары бойынша жауап берді.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бастығының бірінші орынбасары А.Ізтілеуовтың баяндауынша, көктемгі тексеріс кезінде барлығы 372 кемшілік анықталған. Ең басты кемшілік – мекеме басшылары мен орынбасарлары тарапынан қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша лауазымдық міндеттерінің жеткілікті деңгейде атқарылмауы. Нормативті-техникалық құжаттаманы жүргізуге бақылау кемшін. Жұмысшылардың біліктілігі мен білім деңгейі, техникалық сабақтардың сапасы төмен жағдайда, станцияларда, локомотив, вагон деполарында техникалық сабақтар жеткілікті деңгейде өтпейді. Тексеру барысындағы білімін байқау кезінде аталған мекеме жұмысшылары технологиялық процесті орындау бағы-

тындағы сұрақтарға жауап бере алмай, төмен білім көрсеткен. Нәтижесінде 13 адам білімін қайта тексеруге жіберілген. Жол шаруашылығы бойынша барлығы 1038 ескерту анықталған. Ескірген шпалдар, бағыттамалы бұрмалардың бекітпелері осал, дұрыс жұмыс жасамай қалады. Сағатына 40 км төмен жылдамдықпен жүретін участоктер де кездеседі. Атырау магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Аралбай Қосымбаевтың айтуынша, жолдардың сапасыздығы әсіресе Көйбөк, Мақат, Мақат – Сағыз аралығында көбірек анықталған. Көктемгі тексеріс барысында ПЧ-9 бойынша 15 жерде жолды жабу, 40 жерде жылдамдықты шектеу шарасы қолданылса, ПЧ-11 бойынша 1 жолды жабу, 12 шектеу орын алды. Жалпы, қазіргі жолы нашар участок Атырау – Құлсары жолы деп саналып отыр. Бытырғы жылы 69,6 шақырым күрделі жөндеуден өткен.

Жол сапасы жақсаруының нәтижесінде жолаушылар пойызының жылдамдығы 60км/сағ-120км/сағатқа, жүк тасымалы пойызының жылдамдығы 50км/сағаттан 100км/сағатқа көтеруге ықпал еткен. Биыл 66,7 шақырым жолға күрделі, 3,425 шақырымға орташа жөндеу жоспарланған. Бөлімше бас ревизоры Жәнібек Көбеевтің баяндағанындай, қай мекемеде болса да басшылар тарапынан қадағалау, нормативтік құжаттарға сай талаптарды орындау, құжаттарды жүргізуде кемшіліктер бар, жұмысшылардың мамандығына сай білім дәрежесі төмен жайттар да кездеседі. Деполарда машина-нұсқаушылармен локомотив бригадалары құрамымен тәрбиелік-алдын алу жұмыстары жеткілікті деңгейде жүргізілмейді, машинист жұмысын бақылау, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бойынша кешенді ұйымдастыру және техникалық шаралар жеткілікті жүзеге

асырылмайды. Локомотив деполарында таспа реттеу цехтарының жұмысы да нашар жүргізіледі, басшылар мен орта буын, нұсқаушылар тарапынан өздеріне қарасты мәселелер бойынша қажетті шешім алынбайды. Атап айтқанда, жұмыс технологиясын, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында ұйымдастырушылық және техникалық шаралар алу, цехтар мен учаскелерді тексеру, локомотивті жөндеу сапасын қадағалау, жылдамдықты реттеу лентасы мен каскетасының дұрыс көрсетуін, жөндеуден шыққан локомотивтердің жағдайын тексеру, т.б.

Вагон қараушылар тарапынан вагонды қарау кезінде қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін кемшіліктер анықталмай жатады. Жоспардан тыс техникалық сабақтар да уақытылы өткізілмейді. Сондықтан өндірістік-техникалық қызмет көрсетудің сапасын арттырып, вагон қараушылардың жұмысына бақылау жүргізу қажет. Бақылау-жөндеу пункттерінде жөндеу сапасын, технологиялық процеске асығыстықпен қараушылық та бар. Мәселен, 44 жүк вагонның 12-сі тексеру кезінде кері қайтарылды, пайдаланудан алынып тасталған. Депода қосалқы бөлшектер де жеткіліксіз, соның кесірінен ағымдағы жөндеу жасауға кедергі бар. Жолаушы вагондарына қажетті қосалқы бөлшектер де жеткіліксіз жағдайда. Қосалқы бөлшектерге мерзімінде тапсырыс беріп отыру ескеріле бермейді.

Қалпына келтіру және өрт сөндіру пойыздарында да техникалық сабақтар деңгейі төмен, білім деңгейлері тексерілген журнал дұрыс жүргізілмейді, техникалық

құралдардың жай-күйіне де жеткілікті көңіл бөлінбейді. Байланыс және электрмен қамту дистанцияларында да кемшіліктер бар. Желілік учаскелерде құралдар сапасын тексеру дұрыс жүргізілмейді. Мойындық құралдардағы бұрмалар, бағдаршамдар, КТСМ құрылғылары үздіксіз жұмыс жасауы тиіс. Электр қазандары, электр желілерін, бағыттамалы бұрмаларды сыртқы тексеруді, рельс шынжырларының оқшаулау элементтерін тексеруді жүргізу және жөндеу бағытындағы кемшіліктер бар. Сондай-ақ мал басу қаупі басым жерлер де оқшауланбаған. Мәселен рзд №11 – Сазанқұрақ, Сазанқұрақ – Нарын, Нарын – рзд №14 аралығы – малдың ең көп шоғырланатын тұсы. Сондықтан осы аймаққа қоршау салу кезек күттірмейтін мәселе екендігін атап өтті бас ревизор.

Жиын барысында барлық нысандардағы өрт қауіпсіздігі мәселесі сын көтергісіз жағдайда екені де баса айтылды. Сондықтан барлық мекемелерде өрт қауіпсіздігіне жауапты адамды бекіту ұсынылды. Жалпы алғанда, аймақта қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың жағдайы, ғимараттардың абаттандырылуы, жұмысшылардың тәртібі қанағаттанарлық. Жиын соңында құрылымдық мекеме басшылары өздері желіге шығып, кемшіліктерді, нормативтік талаптардың орындалуын жете қадағалауы тиістігі айтылды. Аталған жайттар саралана келе, бөлімше басшылығымен аталған кемшіліктерді түзету, көктемгі тексеріс анықтаған олқылықтарды қалпына келтіру жөнінде шешім қабылданды.

Суреттерді түсірген автор



Сотрудничество

ПУСКОВОЙ ЭТАП КОНТЕЙНЕРНОГО ХАБА В АКТАУ

В АО «НК «Қазақстан темір жолы» состоялась встреча руководства компании с заместителем губернатора народного правительства провинции Цзянсу (КНР) Ма Шигуаном и председателем совета директоров ООО «ГК Порт Ляньюньган» Ван Гочао.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Стороны обсудили ход реализации совместного проекта по строительству контейнерного хаба в порту Актау, который увеличит пропускную способ-



ность порта до 240 тысяч ДФЭ в год и будет способствовать росту объемов транзитных перевозок между Китаем и Европой через территорию Казахстана.

Строительство логистического комплекса началось в ноябре 2024 года. В июне текущего года планируется

запуск пускового комплекса.

Контейнерный хаб усилит позиции Казахстана в международной логистической системе и расширит потенциал транспортно-логистической сферы страны.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ТЕРМИНАЛ ZHETYSU ПРИМЕТ ПЕРВЫЙ ПОЕЗД

1 июня 2025 года из совместного грузового терминала в городе Сиане (КНР) отправлен первый контейнерный поезд на казахстанско-китайский терминал Zhetysu в городе Алматы. Ввод нового терминала в эксплуатацию запланирован на 10 июня.



Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана

Терминал Zhetysu станет крупнейшим контейнерным хабом в Алматы, специализирующимся на консолидации и распределении импортных грузов из Китая. Его инфраструктура позволяет осуществлять терминальную обработку грузов, перевозимых железнодорожным и автомобильным транспортом из/в Китая. Комплекс будет предоставлять полный спектр логистических услуг:



складирование, таможенное оформление, а также доставку по принципу «первой и

последней мили».

Благодаря выгодному расположению на пересечении

ключевых международных транспортных маршрутов терминал станет стратегическим центром консолидации грузопотоков и ведущим логистическим хабом Казахстана. Создание устойчивой синергии между логистическими узлами Алматы – Сиань обеспечит эффективную интеграцию в трансрегиональные цепочки поставок.

Реализация проекта направлена на развитие современной инфраструктуры и снижение логистических издержек.

Фото автора

СОГЛАШЕНИЕ С КРУПНЕЙШЕЙ КОМПАНИЕЙ ПАКИСТАНА

В Астане подписан Меморандум о сотрудничестве между дочерней компанией КТЖ – KTZ Express и одной из крупнейших логистических компаний Пакистана – TCS Logistics.



Жанибек КЕНЕС,
Астана

Соглашение направлено на развитие грузоперевозок между Казахстаном и Пакистаном, расширение мультимодальных маршрутов и создание устойчивой логистической цепочки, связывающей

Центральную и Южную Азию.

КТЖ стремится создать надежную и эффективную транспортную цепочку по Трансафганскому коридору, которая позволит ускорить доставку грузов и расширить рынки сбыта для казахстанских компаний.

Как отметили представители KTZ Express, основная цель – обеспечить стабильные



и выгодные условия для бизнеса, поддерживать экспортный потенциал страны и внести вклад в развитие регионального сотрудничества.

Фото автора

ВНЕЗАПНАЯ ПРОВЕРКА ДЛЯ ОБЪЕКТИВНОЙ ОЦЕНКИ



В ночь на 30 мая текущего года на станции Алматы-1 прошла внезапная проверка ревизорского аппарата, целью которой стал контроль соблюдения трудовой дисциплины, состояния инфраструктуры и безопасности на объекте в ночное время.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Проверено также содержание технических средств, выполнение технологических процессов, должностных инструкций. Ревизоры проверили наличие персонала на рабочих местах, санитарное состояние помещений. Особое внимание уделено взаимодействию между сменами, оперативности

реагирования на нештатные ситуации и соблюдению норм безопасности.

По итогам проверки зафиксированы как положительные моменты, так и выявлено семь нарушений. Имеются отдельные недочеты, требующие устранения.

Как отметил главный региональный ревизор Мейрамбек Серикбаев, работники станции не в полном объеме выполняют

свои должностные обязанности. Например, при приеме смены не обращают внимания на ведение нормативно-технической документации (НТД). Не на должном уровне ознакомлены работники с поступающими телеграфными указаниями. Допущены нарушения указывают на ненадлежащее исполнение требований должностных обязанностей, а также нормативов личного участия в обеспечении безопасности движения поездов со стороны первых руководителей станции, ослабления контроля со стороны участкового ревизора данного участка.

По итогам проверки даны указания до 4 июня 2025 года по выявленным отступлениям провести профилактические работы с последующим принятием корректирующих и предупреждающих мер в целях исключения повторения. Кроме того, необходимо обеспечить выполнение должностных ин-

струкций и НТД в сфере организации обеспечения безопасности движения поездов, обеспечить качественное и в полном объеме выполнение должностных инструкций в части организации обеспечения безопасности движения поездов. При всех видах проверок в организации обеспечения безопасности движения поездов особое внимание обращать на качество оформления записей в поездной документации и качество приема и сдачи дежурства.

– Проведение внезапных проверок – необходимая мера для объективной оценки реальной картины на местах выявления слабых мест. Ночь – это то время, когда особенно важно соблюдение дисциплины и слаженность работы всех служб, – отметил Мейрамбек Серикбаев.

По его мнению, высокая нагрузка на станцию Алматы-1 требует особого уровня ответственности, четкого взаимодействия между подразделениями и постоянного контроля со стороны руководства. А проведение внезапных проверок способствует поддержанию высокого уровня дисциплины и повышению качества работы железнодорожной станции.

Ревизорский аппарат продолжит практику проверок, как в дневное, так и в ночное время, чтобы обеспечить стабильность, безопасность и качество работы железнодорожной инфраструктуры.

Фото автора

КОМФОРТ ДЛЯ ЮНЫХ ПАССАЖИРОВ



Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана



ИТОГИ

Более 484 тысяч детей перевезено поездами АО «Пассажирские перевозки» с начала года.

В преддверии Международного дня защиты детей национальный перевозчик подвел итоги перевозок юных пассажиров.

Наиболее популярными направлениями стали маршруты Астана – Алматы, Астана – Шымкент, Алматы – Шымкент, Астана – Семей и Алматы – Семей.

АО «Пассажирские перевозки» создает все условия для комфортных путешествий детей и постоянно расширяет перечень услуг. В поездах по всем маршрутам действуют мультимедийные сервисы с детским контентом, а в вагонах-ресторанах предлагаются адаптированные меню для малышей.

Напомним, родителям разрешается бесплатно провозить на поезде одного ребенка в возрасте до 7 лет, если он не занимает отдельное место. Однако при наличии нескольких детей до 7 лет бесплатный проезд предоставляется только одному, на остальных необходимо приобрести детские билеты.

Детский билет на поезда для детей от 7 до 15 лет предусматривает скидку 50%. Детям от 15 лет нужно покупать взрослый билет, путешествовать на поезде самостоятельно они могут при наличии нотариально заверенного согласия от законного представителя.

ИЗ ГОДА В ГОД ПО ТЕМ ЖЕ РЕЛЬСАМ



Любовь РОВБА,
Астана



ПРОФИЛАКТИКА

Более 550 случаев экстренного торможения поездов зафиксировано в Казахстане с начала года. Большинство из них – из-за выхода на пути животных.

Всего в 2025 году, по данным департамента полиции на транспорте, из-за препятствий на пути машинисты применяли экстренное торможение 554 раза. В 401-м случае причиной стали бесхозные животные.

При этом зафиксировано 142 наезда на лошадей, 69 – на крупный рогатый скот, 30 – на мелкий рогатый скот и другие.

Железнодорожники и транспортные полицейские постоянно ведут профилактическую работу с владельцами скота, напоминая о том, что оставленные без присмотра животные несут серьезную угрозу безопасности движения, создают риск аварий и представляют опасность для жизни людей. К тому же бесконтрольный выпас вблизи железной дороги – это нарушение закона.

Например, только за одни сутки на минувшей неделе в Павлодарской области электровоз совершил наезд на лошадь, а в Мангистауской области грузовой поезд столкнулся с крупным рогатым скотом. В то же время в Алматинской и Туркестанской областях наезд удалось предотвратить, рогатый скот пасся вдоль железнодорожного полотна.

Во всех случаях владельцы животных привлечены к административной ответственности за нарушение правил выпаса скота в полосе отвода железной дороги.

ЧИСТО ТАМ, ГДЕ НЕ СОРЯТ!



Марьяна ПЕРУШИНА,
Уральск



Уральские железнодорожники активно поддерживают в республиканскую акцию «Таза Қазақстан», регулярно принимая участие в санитарных субботниках по уборке прилегающих к железной дороге территорий и высадке деревьев.



Более 20 работников Уральской дистанции сигнализации и связи традиционно поддержали экологическое движение АО «НК «Қазақстан темір жолы» в рамках республиканской акции «Таза Қазақстан» и дружно вышли на субботник по уборке территории на перегоне Уральск – Жылаево. Так, от бытового мусора и сухостоя были полностью очищены полосы отвода на данном участке. Следует отметить, что здесь по обе стороны полотна расположены жилые массивы многоквартирных домов, а жители не только часто нарушают правила безопасности на железной дороге, переходя пути в неустановленных местах, но и не особо затрудняют себя донести бутылки, пакеты и бумагу до мусорных баков. Так что работникам ШЧ-7 пришлось в течение дня очищать эти «авгиевы конюшни» не столько от сухих трав и веток, сколько от мусора, «любезно» оставленного прохожими.

Фото автора



ӘРҚАШАН КҮН СӨНБЕСІН...

Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында ҚТЖ бас ғимаратында теміржолшылардың балаларына арнап мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Event мерекелік іс-шаралар академиясы өткізген мерекелік думан жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл күні балалар би билеп, ән айтты, түрлі аттракциондарда ойнап, қызықты, танымал кино және мультфильм кейіпкерлері болып киінген аниматорлармен суретке түсті. Сиқыршылар өнерін тамашалап, өздері сурет салды және аквагрим салушыларға беттеріне түрлі суреттер салғызды. Жас талантты өнерпаздардың концертін көріп, сабынды көбікпен ойнады. Балалар үшін батут, сумо, армрестлинг ұйымдастырылды. Картон қағаздан үйшіктер жасау, мольбертке сурет салу, өсімдік көшеттерін отырғызу, ерекше картиналар жасау бойынша шеберлік сабақтары да балалардың 3 сағат ішінде уақытын демалып та пайдалы өткізуіне мүмкіндік берді. Бір айта кетерлігі, іс-шараны



жүргізушілер мерекені қазақ және орыс тілдерінде бірдей өткізуге мән берді.

– Биылғы мерекелік іс-шара бұрынғыдан да ерекше ұйымдастырылды. Мен де балаларымды, яғни Арайлым, Диар, Аяулым есімді үш баламды апарып қатыстырдым. Бағдарламасы өте қызықты болды. Барлық жанр қамтылған. Бала – біздің болашағымыз, ел ертеңі. Балалық шағы бақытты өткен балалар ғана ертең мықты, қамқор, жанашыр болып өседі. Сондықтан ата-ана ретінде біз олардың жарқын өміріне жол салу үшін осындай әдемі, әсерлі сәттерді көбірек ұйымдастыруымыз керек. Осы ретте ҚТЖ компаниясына



алғысым шексіз, – дейді «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Магистральдық желі дирекциясы Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология департаментінің менеджері Қуанышбек Қосымов.
Райхан РАХМЕТОВА
Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

СЧАСТЛИВЫЕ УЛЫБКИ – ГЛАВНАЯ НАГРАДА

Международный день защиты детей уральские железнодорожники отметили активно. Приглашенное ивент-агентство устроило театрализованное анимационное шоу с конкурсами для всех возрастов, а после дети подкрепились у праздничного дастархана. Дети из малоимущих семей и дети с ограниченными возможностями получили подарки от профсоюзных организаций.



Накануне праздника был проведен конкурс детского рисунка «Палитра безопасности». В нем приняли участие юные художники от 6 до 13 лет, поэтому жюри рассматривало творческие работы в нескольких возрастных группах. Дети у железнодорожников талантливы, определить победителя сложно. В итоге все участники получили дипломы и небольшие призы в виде игрушек и спортивного инвентаря для активных игр и творческих занятий. Театрализованное шоу от ивент-агентства «Праздник07 BOOM!»

и шоу-ансамбля «Ай-Керим» со сказочными персонажами Единорожкой, Спайдерменом и Роботом, различные конкурсы и прочие активности, песни и хороводы создали по-настоящему праздничное настроение не только детям, но и взрослым. Финальным элементом шоу стала фотосессия с полюболюбившимися персонажами и общее фото с фейерверком.

– Самая главная награда для нас – счастливые улыбки детей. Пусть всегда над ними будет мирное небо, – отметил председатель профкома по Уральскому

региону Едил Алыпсоков.

В общей сложности более 200 детей железнодорожников получили подарки от профкомов железнодорожных предприятий, где работают их родители. В Уральской дистанции сигнализации и связи организовали свой праздник с приглашением аниматоров. В малочисленных предприятиях региона оказана материальная помощь многодетным семьям и семьям с детьми-инвалидами, согласно Коллективному договору.

Анна МАРЬИНА, Уральск
Фото автора

ҚУАНТСаң, ҚУАНТ БАЛАНЫ

Атырауда биылғы жылы балалар үшін ұйымдастырылған ойын-сауық шаралары 3 күнді қамтып, оған бірнеше мың бала тартылды.

«Қазкөліккәсіп» Атырау өкілігінің төрағасы Боранбай Қамиевтің айтуынша, Атырау жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты қала маңына жақын Атырау, Ақжайық, Махамбет, Тендік станциялары, локомотив, вагон деполары, басқару аппараты қызметкерлерінің балаларына жыл соңына дейін қаладағы WOW PARK ойын-сауық орнына сертификат берілді. Соған сәйкес ата-анасы балаларымен қашан, қай уақытта қайда баратынын өздері шешеді. Онда әртүрлі ойын-сауық бағдарламалары, викториналар, конкурстар, спорттық ойындар, т.б. бар. Мұндай сертификат Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша 4050 балаға берілді. Сертификат арқылы балалар



жыл аяғына дейін ойын-сауық орталығына баруға құқылы. Ойын баласына бұдан артық не керек! Шалғай станцияларда да осындай ойын-сауық шаралары өткізіліп, балаларға әдемі көңіл-күй сыйлады.

Атырау магистральдық желі бөлімшесінің кәсіподақ төрағасы Марат Бисенғалиевтің айтуынша,

мұнда да барлық мекеме қызметкерлерінің мыңға жуық балалары түрлі көңіл көтеру шараларына қатысқан. Оларға кәсіподақ атынан ойыншықтар сыйға тартылып, ойын-сауық шаралары ұйымдастырылған.

Қосыйым МҰҚАШЕВ, Атырау
Суретті түсірген автор

На станции Караганда-Сортировочная на площади Дворца культуры железнодорожников прошла детская развлекательная программа «Біз, бақытты баламыз!», посвященная Международному дню защиты детей.

ГЛАЗА ДЕТЕЙ ДОЛЖНЫ СВЕТИТЬСЯ



– В первый день лета от всей души поздравляю ребят с этим замечательным праздником. Хочется, чтобы наши дети никогда не болели, хорошо учились и радовали своих родителей. Пусть они всегда будут веселыми, жизнерадостными и чувствуют любовь и поддержку со стороны взрослых, чтобы жизнь их была счастливой, всегда ярко светило солнце и было мирное небо над головой, – сказал председатель профсоюзного комитета филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГТ» Галы Ермекбаев.

В ходе праздника массовики-затейники не давали ребятам скучать. Специально для них были организованы различные конкурсы: рисунка на бумаге «Мое счастливое детство», рисунка на асфальте «Каникулы», дефиле «Костюм-лето», мастер-классы по прикладному творчеству и рисованию. Дети весело проводили время в кругу аниматоров, одетых в костюмы известных персонажей.

В заключительной части программы состоялась игровая концертная программа с песнями известных композиторов и ритмичными танцами.

Подарки победителям и призерам конкурсов были представлены спонсорами – Карагандинским филиалом ОО «Казпрофтранс» и филиалом ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГТ».

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

БІЛІМ БАЙҚАУЫ ӨТТІ

«Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалы белсенділері мен Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі кәсіподақ комитетінің бастамасымен бірнеше шығармашылық байқау өткізілді.

Мерекені Абай әлеміне сарпадан бастаған 5-6 сынып оқушылары арасында Абай Құнанбаевтың табиғат лирикасына арналған мәнберлеп оқу байқауы өткізілді. Балалар ұлы ақынның жүрекке жылы жырларын нақышына келтіре оқып, бейнеролик түрінде жолдады.

Мемлекет басшысының «Жаппай кітап оқытын ұлтқа айналуымыз керек» деген сөзіне үн қосқан бұл байқау – рухани байлық пен көркем ойдың маңызын ұғындыруға бағытталған. Келесі сатыда бүлдіршіндер қалам мен парақтағы

көркем жазуды бедерледі. Мұнда 1-4 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған «Әдемі жазамын» атты каллиграфия байқауында балалар Абайдың табиғат туралы өлең жолдарын дәптерге әдемі етіп көшіріп жазды. Бұл баланың жазу сауатын, эстетикалық талғамын, тиянақтылық пен ұқыптылыққа бейімделуін бағамдауға мүмкіндік берді. Қиял мен бояудың үндестігін сипаттауға арналған келесі сайыс – «Су асты әлемі» атты сурет байқауы 2-6 жас аралығындағы балалар арасында өтті. Түрлі техникада



орындалған суреттерден бала қиялының шексіздігі, табиғат пен су асты тіршілігіне деген қызығушылығы байқалды.

Барлық жұмыстарда қатысушы баланың аты-жөні, жасы, ата-анасының жұмыс орны көрсетіліп, байқаудың талап-тәртіпті сактай отырып, ашықтықтың болуына басты назар аударылды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі мен кәсіподақ ұйымы бірлесіп арысы Бейнеу, Болашақ, берісі Ақтау, Құрық аралығындағы станция-бекеттердегі жұмысшылардың балаларына тамаша мереке ұйымдастырды.

Облыс орталығындағы Ақтау ойын-сауық орталығында тәттілер таратылып, кинотеатрда фильм тамашалау мүмкіндігі берілді. Бейнеу станциясы мен оған жақын басқа да бекет-станциядағы балақайларға екі күндік іс-шара жоспары жасалды. Бірінші топ «Сәлем киді» орталығындағы ойын-сауықтың күесі болса, екінші тобы төртінші маусымдағы мерекелік кешке шақырылды. Болашақ станциясындағы бүлдіршіндер аула клубына жиылып, уақытын мазмұнды өткізді. Онда топтық жарыстарға қатысып, ән айтып, сыйлықтарға ие болды. Кәсіподақ ұйымы Шетпеде де балаларға көңілді кештің билеттерін тарту етті. Шетпе, Сайтөес станциялары мен №10, 11, 12 бекеттердегі балақайларға арнап ойын-сауық орталығында аниматорлар мен ойындар,



фуршет пен мерекелік бағдарламаны өткізуге қаржы бөлді. Жаңаөзендік балғындарға базарлық қаладағы балалар паркінде жалғасты. Онда балалар қалағанша ойнап, сайыстарға қатысып, тәттілер мен ойыншықтар алды.

Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі кәсіподақ ұйымының төрағасы Әзірбай Тұрмағанбетовтің айтуынша, биыл бөлімшесінің кәсіподағы шалғайдағы станция балаларын көбірек қамтыған. Вагон және локомотив деполарының іс-шарасы бөлек. Локомотившілер Мұнайлы аудандық ерекше балалардың мерекелік кешіне демеушілік жасап, сыйлықтар алып берген. Деполықтар балаларына аниматорлар қатысқан ертегілік кеш сыйлаған.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

 ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ  ҚАЗКӨЛІККӘСІП	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6, тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Басылымның таралымы 11 415 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Жауапты тілшілер Ерболат Татлыбергенов, тел.: +7 702 5795768 Кезекші редакторлар: Л. Ровба, С. Бакесова	Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынған, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертay 8-777-498-31-61	Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2, «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22, «ERNUR Print» ЖШС
--	---	--	--	---

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.